

Қазақстан Республикасындағы құқықтық реформаның Мемлекеттік бағдарламасы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Қаулысы 1994 жылғы 12 ақпан N 1569. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 78-бабына сәйкес қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасындағы құқықтық реформаның Мемлекеттік бағдарламасы /қоса беріліп отыр/ бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті Құқықтық реформа жөніндегі кеңес құрып, осы бағдарламада көзделген шаралардың орындалуын қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

1 9 9 4 ж ы л ғ ы

1 2

а қ п а н д а ғ ы

N 1 5 6 9

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасындағы құқықтық реформаның мемлекеттік бағдарламасы

/Негізгі бағыттар/

КІРІСПЕ

Қазақстан халқы, дүниежүзілік қоғамдастықтың ажырамас бөлігі ретінде, адам құқығы мен бостандығының басымдығын мойындай отырып, демократиялық қоғам және құқықтық мемлекет құруға бекем бел байлағанын төл Конституциясында баянды етті.

Бұл мақсаттарды жүзеге асыру социалистік құқықтың, сот және құқық қорғау органдарының мемлекеттендірілген жазалаушы сипатын идеологиялық және саяси ұрандармен бүркемелеген кеңестік тоталитаризмнен мұраға қалған кеселдерден заң жүйесін тазартуды талап етеді.

Қоғамның заң саласын реформалау қажеттілігі оның экономикалық және саяси жүйесінде жүзеге асырылып жатқан өзгерістерге сай келетін құқықтық инфрақұрылымдар құруды талап етуінен туындап отыр. Бұл ретте құқықтық реформа республикадағы саяси және экономикалық өзгерістердің реттелетін

шектерден шығып кетпеуі үшін солармен қатарлас, тіпті олардан озығырақ
ж ү р г і з і л у г е т и і с .

Жаңа қоғамдық қатынастарды орнықтыру олардың құқықтық қамтамасыз етілуіне уақтылы түзетулер енгізумен, сапалы заңдардың қабылдануымен, жоғары деңгейдегі құқық қолданумен, құқық қорғау органдарының кінәретсіз әрі үйлесімді жұмыс істеуімен, сот беделінің шүбәсіздігін мойындаумен
ұ ш т а с т ы р ы л у ғ а т и і с .

Алайда республиканың заң жүйесі терең дағдарысты бастан кешіруде, ал оны құқықтық реформаның нарықтық экономика дамуынан, мемлекет меншігінен алу мен жекешелендіру процесінен, осы заманғы парламентаризмнің және басқа демократиялық институттардың қалыптасуынан едәуір артта қалуы қиындата
т ү с у д е .

Кезінде халық шаруашылығының бөлу-теңестіру тетігінің мұқтажына ыңғайластырылған азаматтық, еңбек, әкімшілік, қылмыстық заңдардың, сот ісін жүргізу мен сот құрылысының көптеген нормалары республика Конституциясының қағидаларымен, қоғамның жаңа экономикалық және саяси бағыттарымен әлі де сәйкестендірілген жоқ, мұның өзі олардың нақты жүзеге асырылуын едәуір тежеп отыр.

Сот, прокуратура, жауап алу және алдын-ала тергеу органдарына, тұтас алғанда күллі заң жүйесіне бұрынғы нормативтік және ұйымдық негізде заңдылық пен құқық тәртібін қорғау жөніндегі күш-жігердің дәрменсіздігі барған сайын белгілі бола түсуде, өйткені олар нарықтық қатынасқа да, нарықтық өтпелі кезеңіне де әзір болмай шықты.

Бұл мәселелер бойынша соңғы жылдары қабылданған заң актілерінің сипаты жүйесіз, көп ретте бір-біріне, азаматтардың, шаруашылық жүргізуші субъектілердің құқығы мен заңды мүдделеріне қайшы келеді, оларда ашықтан ашық ведомстволық мүдде басым.

Қоғам әлемдік практикада сыннан өткен тәжірибені ескере отырып, демократия, нарық экономикасы, гуманизм мен әлеуметтік әділеттік принциптеріне негізделген Қазақстанның сапалық жаңа, шынайы құқықтық жүйесін жасау мақсатында шұғыл түрде терең, кешенді әрі бәрін де қамтитын құқықтық реформа жасау қажеттілігінің алдында тұр.

Бұл ретте юриспруденция саласында жүргізілетін өзгерістердің бүкіл күрделілігі мен ауқымдылығын ескеру қажет, өйткені ескі әкімшілік-жазалау режимі қоғам мен мемлекеттің күллі заң институттарын ыдыратып, өзгеріске ұ ш ы р а т т ы .

Сондықтан жаңа құқықтық институттар құру, өркениетті заң шығарушылық процесс, заңдарды тексеру, әсіресе экономика саласында қалыптасқан құқық қолдану практикасын өзгерту мен үйлестіру, заң кадрларын кеңінен қайта

даярлау, құқық оқытушыларын, құқықтық азаматтық қоғам мен мемлекеттің осы заманғы құрылымдарының нарықтық және демократиялық табиғатын түсінетін практик заңгерлер тәрбиелеу қажет.

Заңдар және заң шығару процесі

Реформа заңдардың базалық салаларынан басталуға тиіс.

Конституциялық құқықта заң шығару жұмысының принципті тұрғыдағы маңызды аспектісі табиғи құқық, құқықтық мемлекет, қоғамдық шарт доктринасын идеялармен және құндылықтармен байыту, сөйтіп, соның негізінде бүкіл заңдар жүйесінің республика Конституциясының нормаларына қатаң түрде сәйкес келуін қамтамасыз ету болуға тиіс.

Конституциялық заңдарды жетілдірудің басты бағыттарының бірі атқарушы өкіметтің рөлі мен жауапкершілігін арттыру мәселесін қамтитын мемлекеттілікті нығайту проблемасы, тіке басқарушылықты нығайтып, күшті президенттік басқаруды қалыптастыру болып табылады.

Өкілді өкіметті қайта құру тұрғысынан алғанда айқын анықталған міндеттері мен өкілеттігі бар кәсіби парламент құру; республика жағдайында неғұрлым оңтайлы сайлау жүйесін қолдану; бірін-бірі қайталамау үшін атқарушы және өкілді өкіметтердің республикалық мемлекеттік және жергілікті органдарының өкілеттігін заң жүзінде ажырату, орталық құрылымдардың назарын саяси, экономикалық және әлеуметтік дамуды стратегиялық бағыттарына шоғырландыру қажеттігі пайда болады.

Мемлекеттік негіздерді нығайту мемлекеттік органдарды ұйымдастырудың және олардың жұмыс істеуінің сапалы құқықтық негізін әзірлеумен, басшы кадрларды құқықтық аттестациялау арқылы мемлекеттік қызметшілердің құқықтық мәдениетін көтерумен ұштастырылуға тиіс. Заңдарды білу және оларды құрметтеу кез келген лауазымды адамға қойылатын біліктілік талабына а й н а т ы н б о л с ы н .

Билікті мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар жөнінде "заңда тікелей көзделгендерге ғана рұқсат етілген" деген принцип дәйектілікпен әрі қатаң түрде қ о л д а н у ғ а т и і с .

Азаматтық құқық елеулі түрде қайта құруды қажет етеді. Ең алдымен жеке құқықты дамытып, оның рөлін көтеру, толық көлемінде меншік құқығын, мүліктік және міндеттемелік құқық институттарын қалпына келтіру керек.

Бұл үшін рұқсат етілгендерге басымдық, мәртебесіне қарамай барлық субъектілерге тепе-теңдік, тауар өндірушілерге дербестік пен экономикалық бостандық, заңды шарттардың табиғи еркіндігін бере отырып азаматтық-құқылық реттеу әдісін орнықтыру қажет; заңды тұлғалар түрлерінің жіктелуін логикалық сауатты түрде анықтап, нормативті құқықтық актілердің құқықтық тетіктері мен техникалық-заңдық конструкцияларын әзірлеуді ғылыми

түрде қамтамасыз ету, азаматтық материалдық және іс жүргізу құқығының нормаларын мүліктік даулардың барлық санатына қолдану қажет.

Еңбек құқығы қызметкерлер мен жұмыс берушінің толыққанды қарым-қатынастары тұрғысынан алғанда тұжырымдық жағынан ой елегінен өткізілуге тиіс. Еліміздің экономикасы нарыққа көшуіне байланысты қаржы, банк, салық заңдары және басқа азаматтық-құқықтық салалар экономиканың жаңа қатынастарға неғұрлым жеңіл енуіне бөгет жасарлық барлық тосқауылды алып тастап жеке кәсіпкерлікке мемлекеттік қолдау көрсету шараларының тиімді жүйесін талдап жасауы қажет.

Жалпы алғанда азаматтық заңдар меншікке қолсұғынушылықтан, тауар-ақша қатынастарына қатысушыларды мемлекеттің өз бетімен араласуынан қорғауға тиіс.

Қылмыстық заңдарда құқыққа қарсы мінез-құлық тануға сенімді тосқауыл қойып, бастамашылық пен іскерлікті тежейтін тыйым салушылықтыларды тастап, адамның шығармашылық әлеуетін негізсіз шектеулерден босату қажет.

Заңмен қолданылатын ең жоғары әлеуметтік қазына ретінде адамның табиғи құқықтары мен бостандығының бастапқылығын әрі ажырамайтындығын мойындауын басшылыққа ала отырып, қылмыс ұғымын саясат пен идеологиядан ажырату, осыған сәйкес оның қоғамға қауіптілік дәрежесіне қарай жіктеуді ой елегінен өткізген жөн.

Бұл ретте Конституцияда жарияланған барлық меншік түрінің тепе-теңдігі принципін қылмыстық-құқықтық нормаларға дәйектілікпен енгізу керек.

Жазалар жүйесіне өзгерістер енгізу талап етіледі: нарықтық қатынасқа неғұрлым сәйкес келуші ретінде мүліктік сипаттағы санкциялардың мөлшерін және қолданылу аясын кеңейту; жазаның жаңа түрлері - бостандығын шектеу мен қамауға алуды /үш айға дейінгі мерзімге/ белгілеп, жұртшылық алдында бетке басу, қызметтен шығару, шартты түрде айыптау, еңбекпен түзеу жұмыстарына жазалау сияқты түрлерін алып тастау; өлім жазасын қолдану көзделген қылмыстардың санын шектеу қажет.

Қылмысты ашуға барынша септігін тигізген зиянды зардаптардың туындауын болдырмау, шын жүректен өкіну, кінәсін мойындап өзінің келуі, келтірген материалдық және моральдық зиянды өз еркімен өтеуі сияқты жазадан босатудың бірқатар жаңа негіздері көзделетін болсын.

Нарықтық қатынастардың, еркін кәсіпкерліктің дамуына және қоғамдық қауіп-қатерін жоюына байланысты қылмыс құрамының белгілі бір бөлігі одан шығарылуға тиіс. Сонымен қатар нарық жағдайында қоғам үшін елеулі қатер болып табылатын іс-әрекеттерді қылмыс қатарына жатқызу керек.

Қылмыстық заңдар:

- ауыр қылмыс жасаған, бұрын сотталған, адал өмір сүруге қасақана мойын

бұрғысы келмейтін адамдарға қатаң жазалау шаралары;

- қауіп-қатері шамалы қылмыс жасағаны үшін кінәлі болған және қоғамнан аулақтамай-ақ түзеле алатын адамдарға жұмсақ жазалау шаралары қолданылуын қ а м т а м а с ы з е т у і к е р е к .

Сондай-ақ жалған куәгерлігі, әдейі жалған сараптық қорытынды бергені, жалған аударма жасағаны және басқа жалған дәлелдер келтіргені үшін, олардың зардабына қарай, қылмыстық жауапкершілікті күшейту қажет.

Азаматтардың қылмыстық қол сұғушылыққа қарсы белсене іс-әрекет жасауын ынталандыру мақсатында қажетті қорғану институтын қайта құрастырып, оның мазмұнын әлемдік практиканың тәжірибесіне жақындату керек. Сонымен қатар қылмысты әлемге бетпе-бет келетін құқық қорғау органдары қызметкерлерінің қару қолдану институтына да тексеру жүргізу қажет .

Әкімшілік заңдардың дамуы қылмыс қатарынан шығарылған іс-әрекеттер есебінен әкімшілік құқық бұзушылық құрамдарының санын ұлғайту, сот және тергеу орындарының қаулыларын орындамағаны үшін жауапкершілік белгілеу, салынатын айыппұл мөлшерін арттыру жолымен жүргізілуге тиіс. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстен қазіргі әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге қайшы келетін қылықтар алынып тасталуы қажет.

Қылмыстық-атқарушылық заңдар реформасы қоғамдық қауіп-қатер әртүрлі дәрежедегі қылмыс жасаған адамдарды бірге ұстауға жол бермейтін, тұтқындармен қарым-қатынастың ең төменгі стандарттық ережелері туралы халықаралық келісімдер контекстінде жүзеге асырылуға тиіс.

Жазаны кезең-кезеңімен өтеу жүйесін енгізу керек. Мұндай жағдайда айыпталған, бірақ түзелу жолына түскен және белгілі бір мерзімін өтеген адамдар жазаны өтеудің онша қатал емес режиміне, ал аяқталар кезеңінде - еңбекпен түзеу колониясынан тысқары орналасқан әлеуметтік ақтау орталықтарына ауыстырылады. Олардың қоғамға қарсы сана-сезімін өзгерту ісіндегі еңбек пен тәрбиенің үйлестірушілік рөлінің арақатысын қайыра ой е л е г і н е н ө т к і з у к е р е к .

Түзеу мекемелеріне реформа жүргізіп, оларды салық салудың барлық түрлерінен босату және республикалық немесе жергілікті бюджет есебінен қ а р ж ы л а н д ы р у қ а ж е т .

Жаңа іс жүргізу заңдары адамның құқығы мен бостандығын қорғау туралы тиісті халықаралық актілерді ескере отырып, құқық қорғау органдарының назарын процестің жарыспалығы, жеке тұлғаға қол сұғылмайтындығы, оның ар-ожданы мен қадір-қасиетін құрметтеу, кінәсіздік презумпциясы принципіне, кәсіби заңгерлік жәрдем көрсету және сот ісін жүргізудің кез келген сатысында қорғау құқығына, сондай-ақ істі жүргізуді тым формальды түрге айналдырмай

сот әділдігінің тиімділігін арттыруға аударуы керек.

О л ү ш і н :

- қылмыстық іс қозғауды реттейтін нормаларда көпшілік алдында айыптау аясын едәуір қысқартып, кінәліні қылмыстық жауапкершілікке тартудың орындылығы туралы мәселені шешуді жәбірленушінің қалауына /жеке тұлғаға қарсы жасалған қылмыстың, мемлекеттік емес меншік нысандарына қол сұғушылықтың жекелеген түрлерін/ беру;

- сотқа дейін және сот кезінде іс жүргізу нысандарын материалдық қылмыстық құқықта жіктей отырып саралау;

- процестің бастапқы сатыларында іс жүргізудің заңдылығы мен негізділігіне соттың бақылау жасауын кеңейту;

- тараптардың айғақтарды жинау және оларды табыс ету жөніндегі құқығын кеңейту ;

- айғақтамалық құқықтың жалпы ережелерін белгілейтін нормаларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу, атап айтқанда, айғақтамаларды баянды етудің ғылыми-техникалық құралдарын қолдану, сараптың мәнділік және процессуалдық жақтарын нақтылай түсу;

- сотты айыптау функциясының элементтерінен айырып, оның өкілеттігінен, сот билігінің ұйымдық қызметін қорғауды көздейтін істер санатынан басқалары, қылмыстық іс қозғау құқығын алып тастау;

- соттар қабылдаған қаулылардың заңдылығы мен негізділігін тексеретін шағым беру тәртібін енгізу;

- қылмыстық іс жүргізу заңдарында ақталған азаматтар үшін бұзылған құқын қалпына келтіру мен жасалған зиянды өтеудің кепілдігін белгілеп, ақтау институтын құруды көздеу;

- іс жүргізу негізін барынша қысқарта келіп процестің жарыстық институтының дамуына, құқықтық және әлеуметтік жағдайдың туғызылуына қарай қайта тергеу практикасынан бас тарта отырып, қайта тергеу мен қылмысты істерді тоқтату институтын жетілдіру;

- осы мәселелерді шешу шығыстарын бюджетте арнайы баппен қарастыра отырып жәбірленушілердің, куәгерлердің, сарапшылар мен өзге де адамдардың тергеу мен соттың іс қарауы барысында қауіпсіздігін, құқықтық және әлеуметтік қорғалуын іс жүзінде қамтамасыз етудің тетігін жасау ұсынылады.

Түбірлі өзгерістер азаматтық сот ісін жүргізуге де қатысты болуы тиіс. " Бүкілхалықтық" меншікті қорғау тетігі рөлін атқаруды доғарып, ол азаматтық дауда тең құқықты жақтарға мемлекет тарапынан қызмет көрсету құралына айналуы тиіс. Азаматтық іс жүргізу азаматтардың ар-ұжданы мен намысын қорғаудың, еңбек дауы мен өзге де таластарды шешудің, моральдық және материалдық зиянның орнын толтырудың, азаматтық-құқықтық қатынастардың

күллі субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етудің тиімді тетігіне айналуы керек. Сот шешімдерін орындату үшін мемлекеттік тұрғыдан мәжбүр етудің күші пайдаланылуы тиіс.

Тұтас алғанда, оны жаңа нарықтық және демократиялық тұжырым негізінде жүйелеу, нығайту және біріктіру мақсатында Қазақстанның "тұңғыш тома" заңдарын жалпы түгендеу мен тексеруден өткізу қажеттілігі пісіп жетілді.

Осы мәселелердің дер кезінде және дәйекті түрде шешілуі үшін Жоғарғы Кеңесте құқықтық реформа жөніндегі арнаулы комитет құру орынды. Мұндай комитеттің болуы республиканың жоғары өкілдік органында құқықтық реформа үшін жауап беретін дербес субъекті бар екенін көрсетеді және Заң шығару, заңдылық және құқық тәртібі жөніндегі комитеттің құқық қорғау жұмысында болып отырған кемшіліктердің жойылуына ден қоюға көмектеседі. Атқарушы өкімет саласында мұндай субъект ретінде Әділет министрлігі болады.

Өз бетімен заң шығарушылыққа және заң жобаларын ведомстволық тар тұрғыда дайындауға, заңдарға аппараттың ықпал жасауына тиімді тосқауыл жасау үшін заң жобасын әзірлеу мен ұсыну тәртібі туралы арнаулы заңмен қатар ықпал туралы заң қабылдау, сондай-ақ заңдардың беймәлімдік практикасынан бас тарту керек.

Сот жүйесінің реформасы

Сот жүйесі де реформалауға жатады. Оның тиімділігін арттыру және әділ соттың шын тәуелсіздігін, судьялардың кәсіпқойлығы мен мамандандырылуын қамтамасыз ету мақсатында соттарды ұйымдық жағынан нығайтып, жалпы және төрелік болып бөлінуінен бас тарту қажет; Судьялардың ауыстырылмайтыны және Сот кеңестері мен біліктілік алқаларының ұсынысы бойынша оларды Қазақстан Республикасының Президентінің - мемлекет басшысының тағайындау принциптерін қолдану керек; әділ сот жүргізе алмайтын адамдарды босатудың айқын негіздері мен тетігін тауып, сот сатылары арасында іс жүргізуден тыс қатынастарды, соның ішінде кадрлық және ресурстық қамтамасыз ету қатынастарын болдырмау шарт; әділ сот жүргізу мен сот қаулыларын орындау жөніндегі көмекші қызметті күшейту керек.

Тұтас алғанда сот реформасы мынадай өзара байланысты және өзара шарттас бағыттарда :

- сот құрылысы мен сот ісін жүргізуді қайта ұйымдастыру;
- материалдық құқықты жетілдіру;
- ішкі істер, тергеу, жауап алу, прокуратура, ұлттық қауіпсіздік және әділет органдарын, сондай-ақ адвокатураны қосқанда, құқық қорғау органдарының қызметі мен құрылымын реформалау бағытында жүзеге асырылуға тиіс.

Сот жүйесін реформалау судьялардың әлеуметтік беделін арттырып, сотты және адамның құқығы мен бостандығының сенімді кепілгері етуге, қоғамдағы

жанжалдардың заңды әрі әділетті түрде тоқтатылуына жәрдемдесуге, судьяларды және олардың отбасы мүшелерін құқықтық және әлеуметтік қорғау мәселелерін шешуге тиіс.

Сот реформасын жүргізудің қажетті шарты сот процесінде шынайы жарыспалықтың, тараптардың тең құқылығы, кінәсіздіктің ықтималдығы, оны тараптарға жүктеп, соттың дәлел жинау міндетінен босатылуы болып табылады. Бұл ретте сот өз ықыласымен де дәлелдеме талап ету, сондай-ақ өтініш бойынша тараптың дәлел жинауына да көмек көрсету құқынан айырыла алмайды. Сот қызметінен соттың айыптау рөлінің барлық элементтерін алып тастау керек.

Сот істерін қарау төрт сатыда жүзеге асырылады:

- I-ші - азаматтық және қылмыстық істерді, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзғу туралы істерді қарау;

- шағымды қарау сатысы - қабылданған, бірақ заңды күшіне енбеген сот қаулыларына түскен арыздар мен наразылықтар бойынша сот істерінің алқалы түрде қаралуы. Бұл ретте шағымды қарау істі жаңадан қарап, қаулы шығаруға саяды.

- сот кесімін қайта қарау сатысы - бірінші сатылы сот шығарған, бірақ заңды түрде күшіне енбеген сот қаулыларына түскен шағымдар мен наразылықтар бойынша сот істерін қарау. Шағымдар немесе наразылықтар қанағаттандырылған жағдайда сот кесімін қайта қарау сатысы I-ші сатыдағы соттың қаулыларын өзгертеді немесе бұзады;

- қадағалау сатысы - тиісті сот сатыларының төрағалары мен прокурорлардан түскен наразылықтар бойынша заңды күшіне енген сот қаулылары жөнінде сот істерін қарау.

Сот жүйесінің түрлері мынадай:

Аудандық /қалалық/ соттар - бұлар жеке дара судья құрамында қызмет атқаратын бірінші сатыдағы соттар. Олар заңда өздеріне жүктелген азаматтық, қылмыстық істерді және әкімшілік құқық бұзғу істерін қарайды;

Облыстық сот - бұл азаматтық және қылмыстық істердің жекелеген санаттары бойынша, соның ішінде өлім жазасы мен мемлекеттік қылмыстарды қарайтын бірінші сатыдағы сот, сондай-ақ аудандық /қалалық/ соттарда қаралған істер бойынша түскен шағымдық сот кесімін қайта қарау және қадағалау сатысы.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты - жалпы сот жүйесіндегі жоғары орган. Бірінші сатыдағы сот ретінде Жоғарғы Сотқа мемлекеттің жоғары адамдарының қылмыстары туралы іс жүргізуді қалдыра отырып, оның қызметін мейлінше шектеу керек.

Сол себепті Жоғарғы Сот шағым қарау сатысының құқықтарын мойнына алмауы /әйтпесе ол шын мәнінде қазіргіден әлденеше көп істерді қарауға мәжбүр

болады/ керек. Жоғарғы Сот сондай-ақ сот келісімін қайта қарайтын және қадағалау сатыларының қызметтерін жүзеге асыра отырып, заңдарды қолдану мәселелері жөнінде түсініктер беретін құқын сақтайды.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты мамандандырылған алқаларға бөлінеді де, оның барлық судьялары, сондай-ақ облыстық әрі оларға теңестірілген қалалық соттардың және әскери соттың да төрағалары лауазымы бойынша, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты Пленумының құрамына кіреді. Жоғарғы Сот Пленумының соттық функциялары болмауы керек.

Біртұтас жалпы сот шеңберінде судьяларды неғұрлым саралау және неғұрлым мамандандыру ісі, соның ішінде шаруашылық даулар бойынша да, жүргізілмек.

Халық заседательдерінің институты таратылады.

Сот билігінің беделі мен шынайы тәуелсіздігі көптеген факторларға байланысты, соның ішінде соттарды жасақтау тәсілі мен сот өкілеттігін тоқтату тәртібінің мәні зор.

Барлық судьяларды Қазақстан Республикасы Президентінің өмір бойына / заңмен белгіленген жасқа жеткенге дейін/ тағайындауы арнайы құрылған алқалық органның ұсынысы бойынша жүзеге асырылатын болады; оның құрамына республикалық соттар мен құқық қорғау органдарының басшылары, Жоғарғы Кеңес сессиясы ұсынған оның депутаттары заңгерлер қауымы конференцияларында сайланған жоғары білікті заңгерлер, құқық пәнінің оқытушылары кіреді. Судьяларды конкурспен іріктеуге де жол беріледі.

Сонымен, сот корпусын жасақтауға биліктің барлық үш тармағы өкілдерінің, ғалымдар мен практик заңгерлердің қатысуы қамтамасыз етілетін болады. Жоғары заңи білімі бар әрбір азаматқа өзінің тілегі бойынша судьялыққа кандидаттыққа өтуі үшін біліктілік емтиханын тапсыруға құқық пен нақты мүмкіндік беру керек, сөйтіп бұл мәселені шешудің кәзіргі оңашалау тәртібін жою қажет.

Тиісінше Жоғарғы облыстық соттар мүшелерінен болған Жоғарғы Соттың төрағасы мен оның орынбасарларын, облыстық соттардың төрағаларын Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуы бойынша Жоғарғы Кеңес бес жыл мерзімге бекітеді.

Судьяларды алмастырмау принципі олардың өкілеттігін тоқтату мүмкіндіктерін жоймайды, бірақ бұл тек айрықша негіздемелер бойынша және заңда айқын көрсетілген тәртіппен жүзеге асады.

Ондай негіздемелер мынадай болуы мүмкін:

- судьяның қызметтен кететіні туралы өтініші;

- судьяны қылмыс жасағаны үшін кінәлі деп тапқан соттың айыптау үкімінің заңды күшіне енуі;

- судьяның өкілеттігін атқаруға кедергі болған денсаулық жағдайы /

медициналық қорытынды бойынша/;

- судьяның кәсіби және моральдық сапаларының оның биік мәртебесіне сәйкес келмеуі /жоғарыда аталған арнаулы алқалы органның қорытындысы бойынша/ .

Оларды республикалық бюджеттен қаржымен толық қамтамасыз ету, судьялар үшін біртұтас республикалық ведомстволық тұрғын үй қорын құру, судьялар қызметтен құрметпен кеткен немесе зейнеткерлікке шыққан жағдайда оның тұрғын үйін меншігіне беру, судьяларды міндетті түрде сақтандыру институтын енгізу, өзге де арнайы жеңілдіктер беру сот пен судьялар тәуелсіздігінің қосымша кепілдіктері болып табылады.

Сондай-ақ судьяларға жалақыны құқық қорғау органдарынан жоғары белгілеу принципін заң жүзінде бекіту көзделуде.

Мемлекет тарапынан соттарға қысым жасау мүмкіндігін жою мақсатында аумағы бойынша республикадағы әкімшілік-аумақтық құрылымдар шекарасына сәйкес келмейтін округтік соттарды енгізудің ұйымдық-материалдық мүмкіндіктерін зерделеу керек.

Сот реформасы әскери трибуналдардың жазалау функцияларын мұра еткен әскери соттарды да қамауға тиіс. Соттар бөлімдер командирлерінің тұтқындау шарасын қолдануын бақылау жасаудан шеттетілген, мұның өзі командирлер тарапынан озбырлық болмауына ықпал ете алмайды, әр әскери қызметшілердің құқықтық қорғалуын қамтамасыз етпейді. Әкімшілік құқығын бұзушы әскери қызметшілерге жаза қолдану ісі де қайта қарауды талап етеді.

Конституциялық сот. Республиканың сот жүйесінде Конституциялық сот ерекше орын алуға тиіс, ол Конституцияны жоғары соттық қорғау мен оның үстемдігін қамтамасыз ету үшін бекітіледі.

Конституциялық сот осы мақсатына орай, мынадай істердің:

- Жоғарғы Кеңес пен оның органдары қабылдаған заңдар мен өзге де актілердің ;

- Президенттің жарлықтарының, қаулылары мен өзге де нормативтік актілерінің ;

- Министрлер Кабинетінің нормативтік актілерінің;

- республика министрліктерінің, мемлекеттік комитеттері мен ведомстволарының нормативтік актілерінің;

- Қазақстан Республикасының Бас прокуроры қабылдаған нормативтік сипаттағы актілердің ;

- азаматтардың конституциялық құқықтарына қатысты құқық қолдану практикасының Конституцияға сәйкестігін қарайды.

Конституциялық Сот Қазақстан Республикасы Конституциясына ресми түрде түсінік береді .

Конституциялық Сот бұған қоса:

- референдумға ұсынылатын Конституцияға енгізілетін түзетулердің конституциялылығын белгілеп, референдум өткізу туралы шешімдер қабылдайды;

- Президент пен Вице-Президенттің өздеріне жүктелген міндеттерді атқаруға қабілетсіздігін анықтайды.

Конституциялық Сотты жасақтаудың қазіргі қолданылып жүрген тәртібін сақтаған жөн.

Әділет органдары

Әділет органдары едәуір реформалауды қажет етеді.

Судьялардың әділет органдарымен әрі жоғары тұрған соттармен өзара қарым-қатынасы дұрыс жолға қойылмайынша, соттардың тәуелсіздігі қамтамасыз етілмейді.

Әртүрлі сатыдағы соттар қарым-қатынасының қалыпты түрі іс жүргізу заңдарында көзделген қағидалар ғана болуға тиіс. Осыған орай, соттарды ұйымдық жағынан қамтамасыз ету әділ сот шығарған іс жүргізуге ықпал ету мүмкіндігі болмайтын орган - Әділет министрлігінде болуы қажет.

Әділет министрлігіне соттарға қатысты мынадай:

- сот жұмыстарын ұйымдастыру мәселелері жөнінде ұсыныстар әзірлеу;
- судьялар жүктемелерінің нормативтерін белгілеу және олардың жұмыс көлемін жүйелі түрде талдау жолымен соттардың кадрларды қажетсінуін анықтау;

- біліктілік алқаларының қорытындысы негізінде судьялық лауазымдарға кандидаттарды іріктеу;

- судья кадрларының қатарын толықтыру үшін жоғары заң оқу орындары жүйесінде оқитын қажетті санын болжамдау;

- судьялардың біліктілігін арттыру;

- нормативтік материалдармен қамтамасыз ету;

- соттарды материалдық-техникалық жағынан жабдықтау функциялары жүктеледі.

Сот шешімдерін орындауды ұйымдастыру жөніндегі барлық өкілеттіктерді әділет органдарына берген жөн, бұл үшін сот приставтары институттарын құру керек, олар сот шешімдерін ықтиярсыз орындату, соттарды, сот қызметкерлері мен іс жүргізуге қатысушыларды күзетумен, сондай-ақ соттың қалыпты қызметін қамтамасыз ететін басқа да мәселелермен айналысар еді.

Ведомстволық ықпалды жою мақсатында әртүрлі саладағы күллі сарапшы мекемелерді қылмыс іздеу органдарының құрылымынан бір уақытта шығарып, Әділет министрлігі жүйесіне шоғырландыру керек.

Әділет министрлігінде құқық статистикасы /сот, ішкі істер органы,

прокуратура және басқа органдардың/ орталығын құрған жөн, ол арқылы соттың, әділет мекемелері мен құқық қорғау органдарының қызметі нәтижесінде республикадағы құқық тәртібінің жайы, бюджетке ақшаның түсуі туралы объективті, ведомство мүддесінен тәуелсіз ақпарат алуға болады.

Әділет органдары мемлекеттегі басты тіркеуші орган ретінде қызмет атқаруы тиіс. Азаматтардың құқы мен заңды мүддесіне қатысты немесе ведомствоаралық нормативтік актілердің тіркелуін, сондай-ақ бірыңғай тәртіп орнатып, әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету мақсатында барлық заңды тұлғалар мен шаруашылық субъектілерінің жарғылары мен ережелерін тіркеуді, Қазақстанның заңды тұлғаларына біртұтас Мемлекеттік тіркеу жүргізуді Министрлікте
ш о ғ ы р л а н д ы р у к е р е к .

Адвокатура. Сот жүйесі тиімді жұмыс істеу үшін күшті мамандандырылған
а д в о к а т у р а к е р е к .

Құқықтық реформа адвокатура туралы қолданылып жүрген заңдарды қайта қарауды көздейді, онда адвокаттық қызметтің тәуелсіз, өзін-өзі басқаратын ұйымдық нысандарының көп түрлілігі; оны міндетті түрде лицензиялау; қорғаудың және өкілдіктің нәтижелілігі үшін кепілдіктер; азаматты қорғауда және басқа заң көмегін көрсетуде адвокаттардың қызметіне қол сұқпаушылық; кез келген мемлекеттік және мемлекеттік емес органдар мен мекемелердегі сот ісін жүргізудің кез келген сатысында кәсіби заң көмегімен қорғауға құқығы; заңмен белгіленген адамдарды қорғау үшін шыққан шығысты мемлекет есебінен төлеу; ерікті адвокаттар ұйымдарына, жеке адвокат кеңестері мен фирмаларына жеңілдікті салық салыну көрініс табуға тиіс.

Мемлекет құқықтық қызмет көрсету, халыққа құқықтық көмек беру саласындағы қызметті құқықтық реттеуден бас тарта алмайды. Реттеудің мақсаты - ең алдымен құқықтық қызмет көрсету нарығын әрбір азаматқа өзін қорғаудың Конституциялық құқығын жүзеге асыруына кепілдік беретін құқық қорғау жұмысын жоғары сапаға көтеру. Сондықтан әділет органдарының адвокатураға қатысты рөлі адвокаттық жұмыспен шұғылдану құқығына лицензия
б е р у г е с а ю ғ а т и і с .

Сонымен қатар лицензияны беру мен одан айыру мәселелері, сондай-ақ адвокаттың іс-әрекетімен азаматтарға келтірілген зиянның орнын толтыру заңда
а й қ ы н а й қ ы н д а л у ғ а т и і с .

Нотариат. Экономикалық реформаның, нарықтық қалыптасуы мен халықаралық байланыстың ұлғаюы жағдайында азаматтық құқықтық қатынастардың нығаюына нотариаттың ықпалы күшейеді, жер, меншік, жекешелендіру, кәсіпкерлік қызмет туралы жаңа заңдардың жүзеге асырылуына байланысты нотариат растайтын құжаттардың ауқымы едәуір кеңейеді, мүліктік сипаттағы мәмілелерді шетелде пайдалануға арналған құрылтай шарттарын,

жарғылар мен құжаттарды ресімдеу ұлғаяды.

Тиісті нотариалдық қызмет көрсету проблемаларының шешімі:

- осындай қызмет көрсетулерге сұранымды ескере отырып, мемлекеттік нотариалдық кеңселердің жүйесін ұлғайту, мемлекеттік нотариустердің штат санын көбейту, оларға жұмыс істеуге қолайлы жағдай жасау;

- жеке нотариалдық кеңселер ашу жолымен жүзеге асырылуға тиіс.

Мемлекеттік нотариус келтірген зиянды кінәліден кеміте кері қайтару тәртібімен мемлекеттің өтейтінін ескере отырып, жеке іс жүргізуші нотариустың жауапкершілігі заңда бұл қызметті сақтандыру міндеттілігімен нақты белгіленуге т и і с .

Жеке іс жүргізуші нотариус институтын енгізу жеке нотариат қызметін үйлестіруді жүзеге асыруға, мүддесін білдіруге және қорғауға, оның дамуына жәрдемдесіп, көмек көрсетуге, нотариус қызметіне талапкерлердің тәжірибеден өтуін ұйымдастыруға, кәсіби міндеттердің орындалуына бақылауды жүзеге асыруға, жеке нотариалдық кеңсе құжаттарын арнайы құрылған мемлекеттік архив бөлімдеріне өткізу және сақтау мәселелерін шешуге қабілетті кәсіби орган к ұ р у д ы к ө з д е й д і .

Мұндай кәсіби орган әрбір облыста құрылатын нотариалдық палаталар болуы мүмкін. Облыстық нотариалдық палаталар қызметін үйлестіруді жүзеге асыру және халықаралық ұйымдарда олардың мүддесін білдіру үшін Республикалық н о т а р и а л д ы қ п а л а т а құрылады.

Ахат. Неке-отбасы заңдарын жүзеге асыруда барлық азаматтық хал актілерін жүзеге асыру жөнінде құқықтық қызмет көрсететін ахат органдары маңызды рөл а т қ а р а д ы .

Олардың алдында тұрған міндеттерді орындау үшін, жүйені жетілдіру жөнінде мынадай шараларды жүзеге асыру керек:

- құқық қолдану қызметін атқаратын ахат органдарының аудандық буынын қос бағыныстылықтан шығарып, Әділет министрлігі жүйесіне беру;

- загстерге қорғаныш болу мен қамқорлық жасау органдары атқаратын жекелеген қызметтерді, атап айтқанда, бала асырап алу, баланың фамилиясын өзгерту, некелік жасты қысқарту мәселелерін беру керек, мұның өзі осы мәселелерді қарағанда аралық буынды алып тастауға және оларды ресімдеуді жеделдетуге мүмкіндік береді.

Білікті кадрлардың өте-мөте тапшылығы жағдайында Әділет министрлігі жанынан заң институтын құрып, оған құқық қорғау органдары үшін заңгерлер д а я р л а у д ы жүктеу керек.

Әділет министрлігі өзінің заң институты мен ғылыми-әдістемелік кеңесі арқылы үлгілік оқу бағдарламалары мен осы заманғы заң оқулықтарын д а й ы н д а у ғ а т и і с .

Қоғамда тиісті құқықтық мәдениет болмайынша, құқықтық мемлекет құру мүмкін емес, соттардың және құқық қорғау органдарының, сонымен бірге барлық өкімет пен басқару органдарының құзыреттілігінің құқықты қолдануының жоғары деңгейі оның аса маңызды элементі болып табылады. Басқа субъектінің құқына өзара құрметпен қарау негізінде ғана құқық сыйлауды Қазақстанның келер ұрпақтарының табиғи мұрасы етуге болады.

Сондықтан заңды қадірлеуге тәрбиелеу мемлекеттік саясат пен жалпы ұлттық міндеттің құрамдас бөлігі болуға тиіс, оны шешу үшін халықтық құқықтық тәрбиелеуді қайта құру және заңды жалпыға бірдей оқытуды мектеп қабырғасынан ұйымдастыру талап етіледі. Бұл жұмыстың мемлекеттік ұйтқысы болатын Әділет министрлігі, ол Қазақстан Заңгерлер қауымдастығымен бірлесіп, бұл жұмысқа ағартушылыққа деген дәстүрлі әзірлігін жоғалтпаған зиялы қауымды тартуы керек. Әділет министрлігі шығаратын республикалық заң газеті де құқықтық қуатты насихатшысы және құқықтық ақпараттың қайнар көзі болады.

Әділет министрлігінің ең маңызды қызметтерінің бірі заң жобасын дайындау қызметі болады және солай болып қала бермек. Барлық заң жобасының жұмыстарын үйлестіру соған жүктеледі. Заң шығарушылықтағы қалыптасқан тар өрісті ведомстволық көзқарасты жою мақсатында Әділет министрлігі атқарушы өкіметтің барлық заң жобаларының бас жобалаушысы болуға тиіс. Министрліктер, ведомстволар және ұйымдар дайындаған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кез келген заң актілерінің жобасы мен шешімдері Әділет министрлігінде пысықталуға және келісілуге тиіс. Бұл үшін Әділет министрлігі жанынан заң шығарушылық ғылыми-зерттеу институты құрылады.

Заң шығару процесіндегі, құқықтық тәрбие мен білім берудегі, қоғамның құқықтық мәдениетін дамытудағы рөліне байланысты Әділет министрлігінің ерекше жағдайын ескере отырып, оған сондай-ақ Қазақстан Республикасы атынан құқықтық көмек туралы халықаралық шарттар /келісімдер/ жасасу, басқа мемлекеттердің соттарында, өзі тараптардың бірі бола отырып, дауларды қарау кезінде республиканың мүддесін білдіру құқы берілуі керек.

Прокуратура органдары

Құқықтық мемлекет құру Қазақстан Республикасының Прокуратурасы мен прокурорлық қадағалау жүйесін ұтымды етіп қайта құруды талап етеді.

Прокурордың жалпы қадағалау қызметінен жоспарлы тексеру деп аталатынды алып, оған тек құқық бұзушылық туралы түскен хабарлар мен хабарда қозғалатын мәселелер жөнінде ғана тексеру жүргізу құқын қалдыру керек.

Бас бостандығынан айыру орындарында жүзеге асырылатын прокурорлық қадағалауды сот бақылауымен толықтыру ұсынылады.

Прокуратура қызметінің басты бағыттары:

- тәртіптік және әкімшілік құқық бұзу бойынша қылмыстық тергеу жүргізу және іс қозғау;
- қылмыстық істерде жауап алу мен тергеудің заңдылығын қадағалау;
- соттардың істі қарауына қатысу, сотта мемлекеттік айыптау және мемлекет мүддесіне өкілдік ету, сот актілерінің заңдылығын қадағалау;
- алдын ала қамау орындарында заңның орындалуын және сот белгілеген жазаны өтеу мен басқа да ықтиярсыз істелетін сипаттағы шаралардың орындалуын қадағалау болуға тиіс.

Әділ соттың жарыспалық негізінде жүзеге асырылатыны ескеріліп, прокурор барлық қылмыстық іске қатысуға міндетті. Осыған байланысты прокуратура тарапынан болатын сотты бақылау алынып тасталуға тиіс. Прокуратура органдарына тән болмағандықтан тергеу бөлімшелері болашақта бірыңғай тергеу комитетін құру үшін басқа құқық қорғау органдарына берілуі тиіс.

Біртұтас және орталықтандырылған прокуратура органдары жүйесіне бесжылдық мерзімге Жоғарғы Кеңестің келісімімен Қазақстан Республикасы Президенті тағайындайтын және қызметтен босататын Қазақстан Республикасының Бас прокуроры басқарады.

Бас прокурордың орынбасарларын Қазақстан Республикасы Президенті, ал одан төмен прокурорларды Бас прокурор тағайындайды.

Алдын ала тергеу және жауап алу

Алдын ала тергеудің нысаны мен сатысы ретінде жауап алуды сақтаған жөн. Жауап алу қызметіне бөлінген органдар санын салық қызметі есебінен көбейту керек.

Алдын ала тергеу реформасы, бір жағынан, іс жүргізудің дербестігі мен тергеушінің тәуелсіздігін күшейтуге ал бұл тергеу процесінің объективтігін қамтамасыз етеді, екінші жағынан, алдын ала тергеу мен жауап алу кезінде заңдылықтың сақталуына прокурорлық қадағалаудың тиімділігін арттыруға бағытталады.

Болашақта Ішкіісмині, ҰҚК және прокуратура тергеушілерін біріктіріп, біртұтас Тергеу комитетін құрған жөн. Ішкіісмині ҰҚК және прокуратура желісі бойынша тергеуді соған тапсыру керек. Тергеушінің іс жүргізу дербестігі оны іс жүргізуде әкім бастықтарға бағыныстан шығаруды, соңғыны іс жүргізудегі өкілдіктен, сондай-ақ тергеу барысы мен қорытындысын бақылаудан және тергеушінің қаулысын қайта қарау құқынан айыруды көздейді.

Ішкі істер органдары

Ішкі істер органдарының қылмысты анықтау, жолын кесу және тергеу жөніндегі жұмыстарын жандандыру мақсатында оларды өздеріне тән емес қызметтерді орындаудан босату қажет.

Республика Ішкі ісмінің Өрттен қорғау басқармасының негізінде Министрлер Кабинетінің жанынан Өртке қарсы және апаттан құтқару жұмыстарының бас басқармасы құрылсын.

Милиция қызметінің кәсіби өсуі мен жергілікті өкілетті әрі атқарушы органдардың құқық тәртібінің жай-күйіне жауапкершілігін күшейту мақсатында, материалдық ұйымдық мүмкіндіктердің пайда болуына қарай, милиция органдарын республикалық және жергілікті деп бөліп, соңғыларын әкімдерге бағындырып, жергілікті бюджеттің есебінен қаржыландыра отырып, оларды бөлу туралы мәселе зерделенсін. Бұл орайда қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін бөлімшелер /патрульдер-күзет қызметі, учаскелік инспекторлар, кезекші бөлімдер, объектілер күзеті т.б./ жергілікті милицияға жатқызылсын.

Жергілікті ықпалға қарамастан ауыр қылмыспен күресті қамтамасыз ету үшін республикалық криминалдық милицияның тікелей бағыну жүйесі және оны республикалық бюджеттен қаржыландыру сақталсын.

Азаматтық туралы мәселелерді қарау Әділет министрлігінің, ал виза беру мен тіркеулер Сыртқы істер министрлігінің құзырына берілсін.

Медициналық айықтырғыштар жұмысын ұйымдастыру, созылмалы маскүнемдер мен нашақорларды емдеуге жіберу туралы материалдарды ресімдеу, елді мекендердің санитарлық жай-күйін бақылау Денсаулық сақтау министрлігіне жүктелсін. Сондай-ақ Денсаулық сақтау министрлігінің жүйесіне бере отырып, емдеу-профилактикалық мекемесін қалпына келтіру мәселесі зерделенсін.

Кәмелетке толмаған құқық бұзушыларды қайта тәрбиелеу және оларды қабылдау-бөлу органдарының жұмысын ұйымдастыру мәселесі Жастар ісі, туризм және спорт министрлігі қарамағына берілсін.

Қаңғыбастық пен қайыршылық үшін ұсталғандарды қабылдау-бөлу орындарының жұмысын ұйымдастыру, олардың, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орнынан босатылғандардың еңбекке және тұрмыста орналасуына жәрдемдесу Еңбек және Халықты әлеуметтік жағынан қорғау министрліктеріне жүктелсін.

Жолдарда мамандандырылған монтаждау-пайдалану жұмыстарын жүргізу қызметі МАИ құзырынан алынып, облыстық /қалалық/ әкімшіліктер қарауына берілсін.

Малдәрігерлік қадағалау ауыл шаруашылығы министрлігіне жүктелсін.

Ішкі істер министрлігін қоғамдық тәртіпті қорғауға, тергеу мен жауап алуға, құқық бұзудың алдын алуға қатысы жоқ қызметтен босатудың өзге де шаралары қарастырылсын.

Ұлттық қауіпсіздік органдары

Мемлекеттік басқару құрылымында арнаулы органдар бола отырып ұлттық қауіпсіздік органдары жеке адамды, қоғамды және мемлекетті ішкі, сыртқы қауіп-қатерден қорғауды заңға сәйкес жүзеге асырады. Ерекше күш пен құралды пайдалана отырып, олар өз құзыретінің шегінде:

- Қазақстан Республикасы Президентін, Жоғарғы Кеңесті, Министрлер Кабинетін, өкімет пен басқарудың басқа да мемлекеттік органдарын ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге байланысты сыртқы саяси, сыртқы экономикалық және өзге міндеттерді шешу үшін қажетті ақпаратпен қамтамасыз етеді.

- Конституциялық құрылысты, мемлекет егемендігін, аумақтық тұтастығын, экономикалық, ғылыми-техникалық және қорғаныс әлеуетін, мемлекеттік шекараны қорғауды жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының демократиялық, ізгі мемлекет ретінде қалыптасуына, ішкі және халықаралық жағдайларды оң өзгерістерге байланысты ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметіндегі басымдықтардың ауысуы, олардың қоғам өміріндегі бірқатар міндеттерінің ролі мен орнының өзгеруі, тиісті құрылымдық қайта құрулар жүргізілуі мүмкін. Атап айтқанда жалпы қылмыстық істер шиеленісінің бәсеңдеуіне және құқықтық тәртіптің нығаюына қарай, ұлттық қауіпсіздік органдарының күші мен құралдарын арнаулы қызметке тән міндеттерді шешуге жұмылдыру мақсатында ұйымдасқан қылмысқа және сыбайластыққа қарсы күрес жүргізуден босатқан жөн.

Заң қызметі

Демократиялық құқықтық мемлекет құру және нарықтық қатынастарды қалыптастыру өкімет пен басқарудың шаруашылық жүргізуші субъектілер және өзге де заңды тұлғалардың барлық құрылымдарында беделді де мүлтіксіз жұмыс істейтін заң қызметін талап етеді.

Бұл үшін арнаулы актімен меншік нысанына қарамастан заң қызметін ұйымдастырудың бірыңғай талабын белгілеу /бухгалтерлік есеп және есеп беру жүргізу үлгісімен/, сондай-ақ заң қызметі қызметкерлерінің құқықтық мәртебесін тиянақтау қажет.

х х х

Құқықтық реформаны жүзеге асырудың болашағы мен кезеңдері республикадағы экономикалық өзгерістердің табысты жүргізілуі мен негізгі кезеңдеріне байланысты болады, әрі осы жұмыспен ұштастырылуға тиіс.

Қазақстанның соттары мен құқық қорғау органдарының жүйесіне, барлық заңдық инфрақұрылымдарына кезең-кезеңімен реформа жүргізілу көзделіп отыр.

